

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін геоақпараттық қамтамасыз ету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1003 қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін геоақпараттық қамтамасыз ету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазақстан ГАЖ орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қызметінің негізгі мәні сандық картография және топографиялық-геодезиялық деректер негізінде геоақпараттық жүйелерді, ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелерді құру, баспа және полиграфиялық қызмет деп анықтай отырып, құрылатын Қ о ғ а м н ы ң ж а р ғ ы с ы н б е к і т с і н ;

2) әділет органдарында Қоғамның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне берсін;

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне мемлекеттік меншіктің түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1 9 9 9 ж . , N 1 3 , 1 2 4 - қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің т і з б е с і н д е :

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-95-жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"123-95. "Қазақстан ГАЖ орталығы" АҚ";

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :  
көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы бөліммен және жолмен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне"

280. "Қазақстан ГАЖ орталығы" АҚ".

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*